

## Қорғалжын ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 106 қаулысы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес, аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

Аудан әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1. «Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасын бекіту туралы» Қорғалжын ауданы әкімдігінің 14 қараша 2014 жылғы № 196 қаулысы. ( Ақмола облысы әділет департаментінде 2014 жылдың 12 желтоқсанында № 4506 болып тіркелген ) .

2. «Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» Қорғалжын ауданы әкімдігінің 11 желтоқсан 2014 жылғы №230 қаулысы. (Ақмола облысы әділет департаментінде 2015 жылдың 06 қаңтарында № 4549 болып тіркелген).

*Аудан әкімі*

*Қ.Рыскелдінов*